

Қостанай облысы Қарабалық ауданы Қособа ауылдық округінің жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын қатысу үшін тұрғындар өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Қарабалық ауданы мәслихатының 2020 жылғы 30 қазандағы № 540 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 30 қазанда № 9534 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Қарабалық ауданы мәслихатының 2023 жылғы 13 қарашадағы № 60 шешімімен.

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Қарабалық ауданы мәслихатының 13.11.2023 № 60 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - Қостанай облысы Қарабалық ауданы мәслихатының 13.05.2022 № 136 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 39-3 - бабы 6 – тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 "Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің үлгі қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес Қарабалық аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Осы шешімнің 1 қосымшасына сәйкес қоса беріліп отырған Қостанай облысы Қарабалық ауданы Қособа ауылдық округінің жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің қағидалары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Қостанай облысы Қарабалық ауданы мәслихатының 13.05.2022 № 136 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Осы шешімнің 2 қосымшасына сәйкес, Қостанай облысы Қарабалық ауданы Қособа ауылдық округінің жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы бекітілсін.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - Қостанай облысы Қарабалық ауданы мәслихатының 13.05.2022 № 136 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

3. Осы шешімнің 2-қосымшасына сәйкес мәслихаттың кейбір шешімдер күші жойылды деп танылсын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Кезектен тыс сессия төрағасы, аудандық мәслихаттың хатшысы А. Тюлюбаев

Қарабалық
аудандық мәслихатының
2020 жылғы 30 қазандағы
№ 540 шешіміне
1-қосымша

Ескерту. 1-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышына өзгеріс енгізілді - Қостанай облысы Қарабалық ауданы мәслихатының 13.05.2022 № 136 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қостанай облысы Қарабалық ауданы Қособа ауылдық округінің жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің қағидалары

Ескерту. Қағидалар жаңа редакцияда - Қостанай облысы Қарабалық ауданы мәслихатының 13.05.2022 № 136 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Жалпы ережелер

1. Осы Қостанай облысы Қарабалық ауданы Қособа ауылдық округінің жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің Қағидалары "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 39-3-бабының 6-тармағына, "Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 5 қазандағы № 707 қаулысына сәйкес әзірленді және Қособа ауылдық округінің тұрғындарының жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізу тәртібін белгілейді.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) жергілікті қоғамдастық – шекараларында жергілікті өзін-өзі басқару жүзеге асырылатын, оның органдары құрылатын және жұмыс істейтін тиісті әкімшілік-аумақтық бөлініс аумағында тұратын тұрғындардың (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) жиынтығы;

2) жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиыны – ауылдық округтің тұрғындарының (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін өкілдерді сайлауға тікелей қатысуы.

2. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің тәртібі

3. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын өткізу үшін ауылдық округтің аумағы учаскелерге (көшелер) бөлінеді.

4. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарында жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін үш адамнан аспайтын мөлшерде өкілдер сайланады.

5. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын Қособа ауылдық округінің әкімі шақырады және ұйымдастырады.

6. Жергілікті қоғамдастықтың халқына жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарының шақырылу уақыты, орны және талқыланатын мәселелер туралы Қособа ауылдық округінің әкімі бұқаралық ақпарат құралдары арқылы немесе өзге де тәсілдермен олар өткізілетін он күнге.

7. Участке шегінде бөлек жергілікті қоғамдастық жиынын өткізуді Қособа ауылдық округінің әкімі ұйымдастырады.

8. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын ашылуы алдында тиісті учаскенің қатысып отырған және оған қатысуға құқығы бар тұрғындарын тіркеу жүргізіледі.

Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиыны осы ауылда, көшеде тұратын және оған қатысуға құқығы бар тұрғындардың (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) кемінде он пайызы қатысқан кезде өтті деп есептеледі.

9. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын Қособа ауылдық округінің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға ашады.

Қособа ауылдық округінің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға бөлек жергілікті қоғамдастық жиынының төрағасы болып табылады.

Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынының хаттамасын ресімдеу үшін ашық дауыс берумен хатшы сайланады.

10. Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін участие тұрғындары өкілдерінің кандидатураларын аудан мәслихаты бекіткен сандық құрамға сәйкес бөлек жергілікті қоғамдастық жиынының қатысушылар ұсынады.

11. Дауыс беру ашық тәсілмен әрбір кандидатура бойынша дербес жүргізіледі . Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынына қатысушылардың ең көп даусын жинаған кандидаттар сайланған болып есептеледі.

12. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынында хаттама жүргізіледі, оған төраға мен хатшы қол қояды және ол Қособа ауылдық округ әкімінің аппаратына беріледі.

Қарабалық
аудандық мәслихатының
2020 жылғы 30 қазандағы
№ 540 шешіміне
2-қосымша

Ескерту. 2-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышына өзгеріс енгізілді -
Қостанай облысы Қарабалық ауданы мәслихатының 13.05.2022 № 136

шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қостанай облысы Қарабалық ауданы Қособа ауылдық округінің ауылдарының жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауылдар тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - Қостанай облысы Қарабалық ауданы мәслихатының 13.05.2022 № 136 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Елдің мекеннің атауы	Қостанай облысы Қарабалық ауданы Қособа ауылдық округі ауылдарының тұрғындары өкілдерінің саны (адам)
Қостанай облысы Қарабалық ауданы Қособа ауылдық округінің Славен ауылы тұрғындары үшін	3
Қостанай облысы Қарабалық ауданы Қособа ауылдық округінің Октябрьское ауылы тұрғындары үшін	1
Қостанай облысы Қарабалық ауданы Қособа ауылдық округінің Қособа ауылы тұрғындары үшін	2
Қостанай облысы Қарабалық ауданы Қособа ауылдық округінің Қарашакөл ауылы тұрғындары үшін	1

Қарабалық
аудандық мәслихатының
2020 жылғы 30 қазандағы
№ 540 шешіміне
2-қосымша

Қарабалық аудандық мәслихатының күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі

1) "Қостанай облысы Қарабалық ауданы Қарабалық ауылдық округінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу қағидасын және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы" 2014 жылғы 29 сәуірдегі № 232 шешімі (2014 жылғы 29 мамырда "Айна" газетінде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4761 болып тіркелген);

2) "Қостанай облысы Қарабалық ауданы Қарабалық ауылдық округінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу қағидасын және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауылдар тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы" 2014 жылғы 29 сәуірдегі № 232 шешіміне өзгеріс енгізу туралы" Қарабалық аудандық мәслихатының 2016 жылғы 22 желтоқсандағы № 102 шешімі (2017 жылғы 9 ақпанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде

жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6818 болып тіркелген);

3) "Қостанай облысы Қарабалық ауданы Славен ауылдық округінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу қағидасын және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауылдар тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы" 2014 жылғы 29 сәуірдегі № 237 шешімі (2014 жылғы 29 мамырда "Айна" газетінде жарияланды, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4766 болып тіркелген);

4) "Қостанай облысы Қарабалық ауданы Славен ауылдық округінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу қағидасын және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауылдар тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы" 2014 жылғы 29 сәуірдегі № 237 шешіміне өзгеріс енгізу туралы" Қарабалық аудандық мәслихатының 2016 жылғы 22 желтоқсандағы № 103 шешімі (2017 жылғы 9 ақпанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6819 болып тіркелген).